

"Индербор" акционерлік қоғамының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 тамыз N 1260

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Z970067_ Заңына сәйкес, оның экономика үшін маңызды стратегиялық мәнін ескере отырып "Индербор" ашық акционерлік қоғамның өндірістік қызметін қайта бастаудың қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Индербор" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) конкурстық массасын сатудың:

- 1) конкурстық массаны бірнеше лоттарға бөлуді;
- 2) негізгі лотты кредиторлар комитеті ұсыныстарының негізінде Қоғамның өндірістік қызметін жаңартудың қажеттілігін ескере отырып біртұтас кешен ретінде, бораттық руда қоймаларындағы запастарды қоса есептегенде, әлеуетті инвестор үшін мүддені білдіретін жекелеген активтерден қалыптастыруды (бұдан әрі - Негізгі лот);
- 3) Негізгі лоттың бастапқы бағасын әкімшілік шығыстар мен бірінші және үшінші кезектегі кредиторлар талабының сомасынан төмен емес белгілеуді;
- 4) Негізгі лотты сатып алу-сату шартына сатып алушының осы қаулыға сәйкес қосымша талаптарды орындауы жөніндегі міндеттемелерін енгізуді көздейтін ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

2. Негізгі лотты сатып алушыға мынадай қосымша талаптар көзделсін:

1) сатып алушыда Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен келісуге жататын, гипс пен гипсті картон плиталарын шығару жөніндегі зауыттың құрылысына арналған алдын ала жобаны көздейтін Негізгі лотты пайдалану жөніндегі инвестициялық бағдарламаның болуы;

2) сатып алушының осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген зауыттың құрылысын салу және оның қызметінің бейінін кемінде 10 жыл бойы сақтау жөнінде міндеттеме қабылдауы;

3) сатып алушының Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісілген жылдар кестесі бойынша алғашқы бес жыл үшін кемінде 5000000 (бес миллион) АҚШ доллары мөлшерінде инвестициялар салу жөнінде міндеттеме қабылдауы;

4) сатып алушының Негізгі лотты сатып алған сәтте қоймаларда болған бораттық руданың толық көлемін оны иеліктен шығару мүмкіндігі кезінде тек гипс пен гипсті картон плиталарын шығару жөніндегі зауыттың құрылысының жанында сақтау жөнінде міндеттеме қабылдауы;

5) сатып алушының Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісілген

жағдайларды қоспағанда сатып алу күнінен бастап бес жылдың ішінде Негізгі лотқа (толық көлемінде де, жекелеген бөліктерімен де) кіретін мүлікті қайта сату құқығынан
б а с т а р т у ы ;

б) сатып алушының конкурстық массаны сатудан түскен қаражат жеткіліксіз болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген органмен келісім бойынша төртінші кезектегі кредитордың талаптарын өтеу жөнінде міндеттеме
қ а б ы л д а у ы .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік кіріс министрлігіне жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен Негізгі лотты сатып алушының сатып алу-сату шарты бойынша өзінің міндеттемелерін орындауын бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.